



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ең алдымен нақты мәселені қоя білуімен ерекшеленеді. Бұл мақала жастардың ұлттық рухын оятуда үлкен маңызға ие.

Рухы жаңаша оянған жерлестеріміз, студенттеріміз түрлі халықаралық, республикалық, әлемдік деңгейдегі жарыстарда толағай табыстарға жетіп келеді. Бұл деген сөз, спорт саласындағы әр Қазақстан азаматы өз елінің патриоты екенін жетістіктерімен дәлелдеп отыр. Ал Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған міндеттер бұдан да үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы да «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен мазмұн жағынан біріккендей. Бұған осы мақалада айтылып өтілген мәселелерді жаңғырта түсіп, қазақ халқының батылдығы мен өжеттілігін ат бәйгесі мен спорт фестивальдерін дәлел ретінде айтуға болады. Ондағы мақсат – жастардың ұлттың салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін тереңдете түсу.

Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде түрлі деңгейдегі спорттық жарыстар өтіп жатқаны белгілі. Жарысқа қатысушылардың қаран-

РУХЫ ОЯНҒАН ЖАСТАР - БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ.

тиндік кезеңге қарамай еліміздегі өзгерістерге деген жаңаша көзқарастары көз қуантады. Ұйымдас-тырушылар алдымен іс-шарадағы тақырыптың тұтастығы, ұлттық идеяға қатыстылығына үлкен назар аударуда.

Айталған мақалаларда айтылғандай, Ұлы Даланың жеті қырын тануда спорттың алатын орны ерекше. Себебі, жастырымыз спорттық ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы атадан-балаға мирас болып келе жатқан салт-дәртүрлердің сырын ашуы мүмкін. Мысалы айтатын болсақ, тоғызқұмалақ ойынын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тиімді ұлттық ойын құралдары ретінде пайдалануға болады. Ондағы терминдер мен атауларға ерекше көңіл бөлінеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындықтың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушылар құрамы өз сабақтарында жоғарыда айтылған ұлттық дәстүрлерге ерекше назар аударады. Спорт

саласындағы сабақтарда ұлттық спорт түрлері – тоғызқұмалақ, бөйге, көкпар сияқты көшпенділердің төл мұрасын жастарымыздың бойына терең сіңіру үшін жан-жақты мәліметтер беруге тырысады. Себебі, ұлттың рухани байлығын бойына сіңірген жастардың ой-өрісі де кеңейе түседі. Сондықтан да, жарыстарда қатысушылардың мақсаты айқын, жеңіске жету үшін шыдамдылығы мен төзімділігі жоғары деңгейде болуы тиіс. Мұндай жарыстар ұлттық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлерді жандандырудың жаңаша көрінісі десе де болады. Сол себепті, дене тәрбиесі, спорт ілімі мен әдістемесі саласындағы оқытылатын сабақтарда күн сайын тақырып жағынан жаңартып, жастардың ұлттық рухын жетілдіріп отыру – кафедрадағы әр оқытушының парызы.

**Гүлназ АЛТАЕВА,
Бақыт ТҰРЫСБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Дене тәрбиесі
және бастапқы әскери
дайындықтың теориясы
мен әдістемесі»
кафедрасының аға
оқытушылары.**